

ОӘЖ 373.55

ПЕДАГОГ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ ЖӘНЕ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕГІ ГУМАНИЗМНІҢ РӨЛІ

Жайлибай Сымбат Махмутқызы

1 курс магистранты, 7М01501 – «Математика» білім беру бағдарламасы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Сүлеймен Самал Бейқұтқызы,
педагогика ғылымдарының магистры, оқытушы.

Мақалада педагогикалық іс-әрекеттегі гуманизмнің маңызы мен мәні қарастырылады. Гуманистік педагогика адамның жеке тұлға ретіндегі құндылығын жоғары бағалап, оның еркін дамуына, әлеуметтенуіне және әлеуметтік ортада өзінің орны мен рөлін табуына ерекше назар аударады. Мақалада гуманистік педагогиканың теориялық негіздері, педагогтің оқу-тәрбие үдерісіндегі рөлі, сондай-ақ оны практикада қолданудың негізгі принциптері мен әдістері талданады. Әсіресе, педагогтың моральдық-рухани дамудағы орны мен оның оқушылардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы маңызды рөлі көрсетілген.

Кілт сөздер: Гуманизм, педагогика, білім беру жүйесі, педагогтің рөлі, тұлғалық даму, моральдық құндылықтар, әдіс-тәсілдер, гуманистік педагогика.

Бүгінгі таңда қазақ қоғамында әлеуметтік топтар арасындағы қарама-қайшылықтардың тереңдей түсуі, моральдық құндылықтар мен идеалдардың құнсыздануы, сондай-ақ қылмыс деңгейінің өсуі педагогикалық қауымдастықтың назарын мектепке аударуға мәжбүр етуде. Қоғамда орын алып жатқан өзгерістерге жауап ретінде ғалымдар, ата-аналар мен педагогтар мектептің рөлін қайта бағалап, оның келешек ұрпақтың тәрбиесі мен білім беру саласындағы жоғары тиімділікке қол жеткізу жолдарын іздеуде. Мектеп – баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, оның әлеуметтену процесіне және әлеуметтік ортасымен қарым-қатынасының дамуына әсер ететін маңызды фактор[1].

XXI ғасырда қоғамды жаңғырту мен жетілдірудің барлық бағыттары білім беру жүйесімен тығыз байланысты екені анық көрінеді. Ал бұл жүйенің негізінде гуманизм идеялары жатыр. Себебі тек гуманистік педагогика ғана адамның құндылығын мойындап, оның еркін дамуы мен ішкі күштерін толық

іске асыру құқығын қамтамасыз етеді. Гуманистік педагогиканың тарихы адамның шығармашылық потенциалын ашу, оның өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі анықтауға және өзін-өзі жүзеге асыруға деген қабілеттерін қалыптастыру жолдарын іздеумен тығыз байланысты.

Гуманизм — бұл адамның жеке тұлға ретіндегі құндылығын, оның еркіндікке, бақытқа, даму мен қабілеттерін жүзеге асыруға деген құқығын мойындайтын көзқарастар жүйесі[3]. Бұл жүйе адам игілігін әлеуметтік құбылыстарды бағалаудың негізгі өлшемі ретінде қарастырып, теңдік, әділеттілік және адамгершілік қағидаттарын қоғамдағы қарым-қатынастардың қалаулы нормасы ретінде анықтайды. Гуманистік педагогикада Ш.А. Амонашвили мен В.А. Сухомлинский сияқты педагог-новаторлардың еңбектері мұғалімдер үшін баға жетпес көмекші құрал болып табылады.

Мұғалімнің гуманизмі мәселелерінің теориялық талдауы педагогика мен психологияның гуманистік бағыттары мен жұмыстарын түсінуге негізделген және оның ішкі қасиеттерінің басымдығын дәлелдейді. Осыған байланысты В.А. Сухомлинский былай деп жазған: «Біз, мұғалімдер, педагогикалық этикамызды дамытуымыз қажет және білім беру саласында гуманизм принципін басты педагогикалық мәдениетіміздің ерекшелігі ретінде бекітуіміз керек»[5]. В.А. Сухомлинский өзінің сөздерінде және педагогикалық шығармаларында мұғалімнің моральдық ұстанымы, мінез-құлқы мен әрекеттері оқушы тұлғасының дамуына шешуші әсер ететінін әрқашан атап өткен.

Тәрбие әдістері мен формаларын гуманистік арнаға келтіру үшін әрбір тәрбиеші тұлғалық бағыттағы педагогика тәжірибесі жинақтаған келесідей ережелерді ұстанғаны жөн[2]:

- гуманистік тәрбие бағытына қайшы келетін дәстүрлі әдіс, форма құрал-шараларын ұдайы жаңарған талаптарға сәйкес реттеп, өзгерте қолдануымыз қажет. Себебі олардың бәрі педагогикалық құндылық болғанымен, басқа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда қалыптасқан;

- тұлға болмысын аяқ асты етіп, оның намысына нұқсан келтіретін жазалау әдістерінен түбегейлі арылу;

- тәрбиеленуші денсаулығы мен психикасына зиян келтірмейтін оқу-тәрбие әдістері мен формаларын ғана таңдау;

- оқушылардың өз міндеттерін адал орындауға болған ұмтылысын қолдап-қуаттау;

- тәрбиеленушінің келеңсіз қылықтарын принципті де катал талдап, оған мұндай әрекеттердің орынсыз екенін тілектестік және шыдамдылықпен түсіндіру;

- тәрбиеленушіге жіберген қателіктерін байқауға көмектесіп, жұмысында орын алған олқылықтарды шыдаммен дәйікті ұғындыру;

- баланың көңіл-күй қалпының жайлы болуын қамтамасыз ету;

- оқушыда ұнамды өзіндік бағалау, өзіне деген сенім мен жеке басының қадірін сезу қабілетін қалыптастыру;
- талаптарды үздіксіз біртіндеп күрделендіріп отыру, жетістікке жеткен нәтижелерді бекіту;
- қажетті бағытта тұлға әрекеттерінің белсенділігін көтеруге ат салысу;
- баланы сүйе де құрметпен қабылдай отырып, тәртіп талап етуді ұмытпау;
- бала толғаныстары мен қызығуларына баса көктеп араласпай, әдептілікпен әрі үйлесімді жөн-жосық беріп бару;
- тәрбие үдерісінің әр сәті қалай жүріп жатқанын біліп бару үшін өз шәкірттерін қырағылықпен бақылау;
- өз шәкірттерінің әртүрлі табысына қуана білу;
- балаға өз болмысын тіктеп, танытуға мүмкіндік беру;
- балаға қандай талап қоятынын және одан не күтерінін үздіксіз ескеріп отыру;
- баланы үлкен зейінділікпен тыңдау;
- тәрбиеленушімен әңгімелесуден ләззат алу;
- тәрбиеленушімен оның қалауына сай әңгімелесу;
- қылықты кінәлау болса да, тұлғаны сыйлаудан жазбау.

Педагогтың рөлі гуманизм негізінде жаңа сипат алады. Педагог тек білім беруші емес, сонымен қатар оқушылардың рухани, моральдық дамуына, олардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға жауапты тұлға. Бұл тұста педагогтің рөлін психолог ретінде де қарастыруға болады. Педагогтар гуманистік қарым-қатынас орната отырып, оқушылардың өзін-өзі бағалау, өзіне деген сенімділік, жауапкершілік сезімдерін дамытуға мүмкіндік туғызады. Гуманизм педагогтың шығармашылық әлеуетін, кәсіби деңгейін арттыруға да ықпал етеді. Мұндай ортада педагогтар өздерінің кәсіби даму жолдарын іздей отырып, жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануға ынталы болады[4].

Заманауи білім беру жүйесінде гуманистік бағыттың маңызы артып келеді. Жаңа технологиялар мен ақпараттық революция оқу процесіне елеулі өзгерістер енгізуде. Осыған байланысты гуманизм принциптері оқушыларды сыни ойлауға, ақпаратты дұрыс бағалауға, этикалық нормаларды сақтауға үйретуде ерекше рөл атқарады.

Білім беру жүйесінде гуманизмнің маңызын түсіну тек білім беру мекемелерінде ғана емес, сонымен қатар мемлекет деңгейінде, қоғамның әртүрлі салаларында да байқалады. Гуманистік білім беру концепцияларын дамыту, оларды практикада жүзеге асыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Білім беру жүйесіндегі гуманистік принциптердің қазіргі заманғы әдіс-тәсілдермен қалай үйлесетінін көрсету үшін практикада қолдануға болатын бірнеше мысалдар келтіруге болады:

- Дебат клубтары: Оқушылардың сыни ойлау, пікірталас жүргізу дағдыларын дамыту үшін мектептерде дебат клубтары ұйымдастырылуы мүмкін. Мұнда оқушылар әртүрлі мәселелерді талқылап, өз көзқарастарын білдіруге үйренеді, бұл олардың әлеуметтік дағдыларын дамытады.

- Сенімді орта: Педагогтар сабақ барысында оқушылардың эмоционалдық жағдайына назар аударып, оларға қолдау көрсеткен жағдайда, балалардың өзін-өзі бағалауы артады. Мысалы, мұғалім балалардың жетістіктерін атап өтсе, олар өз күшіне сенімділікпен қарауға үйренеді.

- Топтық жұмыстар: Сабақтарда топтық жұмыстар ұйымдастыру арқылы оқушылар арасында ынтымақтастықты, жауапкершілікті дамытуға болады. Мысалы, жобалық жұмыстарда балалар бір-біріне көмектесіп, ортақ мақсатқа жетуге тырысады.

- Әдебиет сабақтары: Классикалық әдебиет шығармаларын оқыту барысында, мұғалімдер кейіпкерлердің адамгершілік құндылықтарын талқылай отырып, оқушылардың моральдық түсініктерін дамытуға ықпал ете алады. Мысалы, "Анна Каренина" немесе "Абай жолы" сияқты шығармалар арқылы өмірлік сабақтарды алуға болады.

- Онлайн платформалар: Заманауи технологияларды қолдану арқылы оқушылар арасындағы байланыс нығайып, білім алудың жаңа әдістері пайда болады. Мысалы, виртуалды топтар мен форумдар оқушыларға пікір алмасуға, ақпаратпен бөлісуге мүмкіндік береді.

- Рөлдік ойындар: Педагогтар рөлдік ойындарды қолдана отырып, оқушылардың өмірлік дағдыларын дамытуға көмектесе алады. Мысалы, әлеуметтік жағдайларда қалай әрекет ету керектігін көрсету үшін рөлдік ойындар ұйымдастыру.

- Волонтерлік жобалар: Оқушылардың қоғамға қызмет етуін ынталандыру үшін мектептерде волонтерлік жобалар ұйымдастыру. Мысалы, экологиялық акцияларға қатысу арқылы балалар табиғатқа қамқорлық жасауға үйренеді.

Қорытындылай келе, педагогикадағы гуманизмнің рөлі тек білім беру үдерісін жақсартумен шектелмейді, ол оқушылардың адамгершілік, моральдық және рухани дамуына, тұлғалық қалыптасуына ықпал етеді. Гуманистік педагогика мектептің маңызды әлеуметтік институт ретіндегі рөлін айқындайды және оқушылардың ішкі әлеуетін жүзеге асыруда мұғалімнің ерекше орны бар. Осы бағытта жұмыс істейтін педагогтар тек білім ғана емес, сонымен қатар балалардың психоэмоционалды жағдайы мен әлеуметтік-мәдени дамуымен де айналысады. Бұл орайда гуманистік педагогика жаңа әдіс-тәсілдер мен жаңашыл идеяларды енгізуге мүмкіндік береді. Білім беру жүйесіндегі гуманистік қағидаттарды ұстану жастарды моральдық және рухани тұрғыдан жетілдіруде маңызды рөл атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика. - Алматы: Нұр-пресс, 2005. – 228 б.
2. Бабаев С. Б. Бастауыш мектеп педагогикасы. - Алматы: Нұр-пресс, 2013. – 416 б.
3. Гуманистическая педагогика Марии Монтессори. - Казань: ТГГПУ, 2005. – 75 с.
4. Попов Е.Б. Гуманистическая педагогика: идеи, концепции, практика. - Оренбург: ИПК ОГУ, 2003. – 156 с.
5. Сухомлинский В. А. «Не только разумом, но и сердцем». М.: Молодая гвардия, 2009 г.

РОЛЬ ГУМАНИЗМА В ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И УЧЕБНО-ВОСПИТАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ»

Жайлибай Сымбат Махмутқызы

Научный руководитель: Сүлеймен Самал Бейкүтқызы

В статье рассматривается значение и роль гуманизма в педагогической деятельности. Гуманистическая педагогика высоко ценит личность человека, ориентируя внимание на его свободном развитии, социализации и нахождении своего места в обществе. Рассматриваются теоретические основы гуманистической педагогики, роль педагога в учебно-воспитательном процессе, а также основные принципы и методы применения гуманистической педагогики на практике. Особое внимание уделено роли педагога в духовно-нравственном воспитании и формировании моральных ценностей у учащихся.

Ключевые слова: Гуманизм, педагогика, система образования, роль педагога, личностное развитие, моральные ценности, методы и подходы, гуманистическая педагогика

THE ROLE OF HUMANISM IN PEDAGOGICAL ACTIVITY AND THE EDUCATIONAL PROCESS

Zhailibay S.M.

Scientific supervisor: Suleiman S.B.

The article explores the significance and role of humanism in pedagogical activity. Humanistic pedagogy highly values the individual, focusing on their free development, socialization, and finding their place in society. The article examines the theoretical foundations of humanistic pedagogy, the teacher's role in the educational process, as well as the main principles and methods of applying humanistic pedagogy in practice. Special attention is given to the teacher's role in the spiritual and moral education of students and in shaping their ethical values.

Keywords: Humanism, pedagogy, educational system, role of the teacher, personal development, moral values, methods and approaches, humanistic pedagogy

REFERENCES

1. Babaev S.B., Onalbek Zh.K. General pedagogy.- Almaty: Nur-press, 2005. - 228 p.
2. Babaev S. B. Pedagogy of elementary school. - Almaty: Nur-press, 2013. - 416 p.
3. Humanistic pedagogy of Maria Montessori. - Kazan: TSPU, 2005. - 75 p.
4. Popov E.B. Humanistic pedagogy: ideas, concepts, practice. - Orenburg, 2003. - 156 p.
5. Sukhomlinsky V.A. "not only with the mind, but also with the heart". Moscow: Molodaya Gvardiya, 2009.